



**БІЛІМГЕ
БӨЛІНГЕН
ҚАРЖЫ
ҚОМАҚТЫ**

3-бет



**МЕДИАТОРЛАРҒА
СЕНІМ КҮШЕЙДІ**

6-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№7 (3538) 27 қаңтар 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАЛҚЫДА - ӨҢІРЛІК МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұйымдастыруымен Астанада «Өңірлік мерзімді басылымдар форумы» өтті. 200-ден астам аймақтық БАҚ өкілінің қатысуымен өткен жиынға Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі қатысты. Басқосуда өңірлік БАҚ-ты дамыту, журналистің ықпалы мен мәртебесі, газеттегі жарнама және монетизация әдістері және БАҚ-та балалар контентін қалыптастыру сияқты бүгінгі таңда өзекті болып отырған мәселелер көтерілді.

(Соңы 2-бетте)

МАМАН КЕҢЕС БЕРЕДІ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСАТЫНДАР КӨП

Алматы облысы жастар ресурстық орталығының сенім телефоны қаңтар айынан бастап қайта іске қосылды.



2 күн ішінде психолог маманның көмегіне жүгініп, 9 азамат хабарласқан. Көпшілік шағымданған мәселелер төмендегідей:

жасөспірімдер арасындағы буллинг (2 қоңырау);
құмар ойынға тәуелділік;

ерте жыныстық қатынасқа түсу мен ерте жүктілік;
тұрмыстық зорлық-зомбылық;
ене мен келін арасындағы түсініспеушілік (2 қоңырау);
сотталғаннан кейін өмірге бейімделу.
Психолог облыстағы жастардың кез келген сұрағына жауап береді. Керек болған жағдайдына қарай азаматтарды тұрғылықты мекенжайы бойынша басқа маманға нұсқайды. Өңірдің түкпір-түкпіріндегі психологтар хабарласқан адаммен кездесіп, көмек қолын созады.

Тегін түрде қызмет көрсететін телефон іске қосылғалы көп уақыт өткен жоқ. Сондықтан облыстағы жастардың арасында көп таралған сұрақтар мен мәселелер тізімін жасау әзірше мүмкін емес. Қиын жағдайға тап болған кез келген азамат 8 707 878 26 20 нөміріне хабарласып, мамандарға өз мәселелерін айта алады.

Шолпан ҚҰРМАНБАЙ

Сенат құрамы жаңартылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының отырысында депутаттардың алдында сөз сөйлеп, еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтты. Осы орайда Президент жуырда жоғары палата депутаттарының бір бөлігі сайланғанын және өзінің жарлығымен бірнеше сенатор тағайындалғанын еске салды.

Мемлекет басшысы осымен Сенаттың құрамын жаңғырту үдерісі аяқталғанын атап өтті. Сенат депутаттарының арасында әр аймақтың, соның ішінде жаңадан құрылған облыстардың өкілдері бар. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелеріне арнайы квота берілді. Осылайша, Сенат түрлі санаттағы қоғам өкілдерін барынша қамтыды.

Мемлекет басшысы басты мақсатымыздың бірі – қоғамда өркениетті саяси дәстүрді орнықтыру екенін еске салып, ол үшін жоғары саяси жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, бүгінгі отырыс барысында Президент Парламент Сенатының төрағасы лауазымына Мәулен Әшімбаевтың кандидатурасын ұсынды.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде Мәулен Әшімбаев Парламент Сенатының төрағасы болып сайланды.

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысы барысында сенаторлар ант қабылдады, Сенат төрағасының орынбасары сайланды, тұрақты комитеттердің саны мен атаулары бекітілді және олардың төрағалары мен мүшелері сайланды.

Өз тілшіміз

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мұхтар ЖҰМАҒАЗИЕВ,
қоғам қайраткері, экс-сенатор:

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАРТЫМСЫЗ»

– Елімізде ауыл шаруашылығының әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңызы зор. Өкінішке қарай бұл саланың бағы қанша бағдарлама қабылданса да жанбай тұр. Агроөнеркәсіп саласының білікті маманы, тәжірибелі басшысы ретінде мұны қалай түсіндірген болар едіңіз?

– Иә, бүгінгі күні ауылда шешімін күткен мәселе көп. Дегенмен, бұрынғыға қарағанда ондағы жағдай көш ілгері деуге болады. Мен өзім Ақтөбе өңірінде еңбек етіп, осы облыстан сайландым. Еңбек жолымды қатардағы ауыл шаруашылық маманы ретінде бастап, осы салада шаруашылық басшысы секілді түрлі қызметтерді атқарып, кейіннен аудан әкімі, облыс әкімінің орынбасары болып қызмет еттім. Сондықтан бұл өңірдің мән-жайы маған белгілі.

Әлеуметтік мәселелерге тоқтала-тын болсам, бүгінгі күні аймақтағы ауылдардың 94,4 пайызы газбен, 99,6 пайызы ауыз сумен қамтылған. Енді әрине, жол жағдайы сын көтермейді. Өйткені, бүгінгі күні жолдың 70 пайызы ғана қанағаттанарлық жағдайда. Бұл өте төмен көрсеткіш. Бірақ, көп мәселенің онынан шешіліп жатқаны қуантады. Жақында Денсаулық сақтау министрлігі шалғай аудандарда заманауи талаптарға сай фельдшер-акушерлік пункттердің ашылатыны туралы жақсы жаңалық айтты. Алайда, олқылықтар да аз емес.

Кейбір өңірлердің елді мекендері әлі де газ, ауыз су, жолмен толық қамтылмаған. Білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде де шешуді талап ететін өзекті мәселе баршылық. Кешегі пандемия кезінде интернеттің нашар болуы мектептегі балалардың білім алу үрдісіне теріс әсер еткенін байқадық. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығының мекені ауыл болып отырғанын ескерсек, бұл үлкен әлеуметтік маңызы зор мәселе. Иә, бірнеше бағдарлама қабылданып, іске қосылды. Солардың бірі – Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАЛҚЫДА - ӨНІРЛІК МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиынды ашқан Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов қазіргі ақпараттық технологияның қарқынды дамып жатқан кезеңінде БАҚ-тың әлеуетін қалай көтеру керектігін, ақпараттық саясат пен азаматтық қоғам бағытын жеткізуде өңірлік мерзімді басылымдардың орнына тоқталды. Әсіресе, әлеуметтік желі, интернеттің өзге ресурстарында фейк, жалған ақпараттардың көп кездесетінін, ал осы тұрғыда мерзімді басылымдар шынайы ақпараттарды жариялау қажеттігін баса айтты. Сондықтан, өңірлік мерзімді басылымдарға мән беру қажеттігін жеткізіп, мұнымен тиісті министрлік айналысып жатқанын жеткізді. Және осы тұрғыда тиісті министрлікке өңірлердегі БАҚ-ты дамыту бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді. Көлгінов өз сөзінде «Егер 2016 жылы Қазақстанда 2 мыңға жуық БАҚ тіркелген болса, бүгінде 5 мыңнан асты. Оның 70 пайызы баспа мен басылымдар. Бұл – медиа саласының қарқынды даму әлеуетінің ұлғайғаны мен оның болшағының зор екенін дәлелдейді. Отандық медианың әлеуетін одан әрі дамыту үшін алдымызда ауқымды міндеттер бар. Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздегі ақпараттық саясатты, жастар саясатын, азаматтық қоғаммен байланыс құралдарын жақсарту бойынша нақты тапсырмалар беріп, міндеттер қойды. Осы орайда, өңірлік БАҚ-тың мәселелерін: атап айтқанда, оқырмандардың саны мен басылым таралымын қайта көбейту, қаржыландыру және техникалық жаңарту, уақытылы жеткізу мен жергілікті БАҚ-тың ахуалын жақсарту бағытында министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс істеуі керек», – деді. Вице-премьердің пікірінше, отандық медиа кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету де бүгінгі таңда аса өзекті. Бұл тұрғыда ол: «Әр аймақтағы басылымдардың өзіндік өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік ақпараттық саясатты тиімді жүргізу форматын қалыптастыру қажет. Сала мамандарын, білікті сарапшыларды ақпараттық түсіндіру жұмыстарына тарту маңызды. Тағы бір мәселе – отандық медиа кеңістіктің қауіпсіздігі. Елімізде зиян келтіретін жалған ақпараттан халқымызды қорғау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс», – деді.



толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұған қоса, өңірлік БАҚ-ты қолдау үшін оларда жарық көрген мазмұнды мақалаларды республикалық басылымдарда жариялау тәжірибесін жалғастырып жөн. Бұл арқылы ұлттық журналистикадағы шығармашылық байланыстар нығайтып, өңірлік мәселелерге тұтас еліміздің назарын аудару аламыз».

Атап айтқанда, жергілікті БАҚ-ты қолдау тарифтері 2019 жылдан бері өзгермегені белгілі. Соған байланысты біз тарифтерді ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Бұл шаралар жобалық тәсілде өңірлік мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деп мәлім етті Дархан Қыдырәлі.

Буын алмастығы басылымдарға серпін береді

Басқосуда жергілікті басылымдарға жас мамандарды тарту мәселесі көтерілді. Министр Дархан Қыдырәлі буын алмасу, дәстүр сабақтастығы сәтімен жалғасуы тиіс екенін баса айтты. «Бүгінде газет-журналдардың таралымы төмендеп, оқырмандар ақпаратты негізінен интернет-ресурстардан алатыны белгілі. Соның салдарынан көптеген басылымдар өз жұмысын тоқтатуға немесе таралымын азайтуға мәжбүр болды. Әсіресе, пандемия кезінде дәстүрлі баспалар күрделі тектоникалық өзгерістерді бастан кешірді. Бұл қиындықтар өңірлік басылымдарды да айналып өткен жоқ. Тиісті талаптарға сай келмегендіктен, бөлінген қаражаттардан құр қалған редакциялар аз емес. Кейбір БАҚ-тар түрлі себептермен жекешеленіп те кетті. Мәселен, аудандарда 159 газет жекеге өткен. Бірақ біз өңірлік басылымдарды жекеменшік не мемлекеттік деп бөлмей, барлығына да қолдау көрсетуге әзірміз», – деді өз сөзінде ведомства басшысы. Алдағы уақытта жергілікті БАҚ-ты қолдау тарифтерін ұлғайту мәселесі қолға алынады. «Аймақтағы басылымдарды қаржыландыру тетігі мен ережелерін қайта қарастырып жатырмыз. БАҚ-қа берілетін мемлекеттік тапсырыстың талаптарын жеңілдетуге мүдделіміз.

Журналистер сауалы жауапсыз қалмайды

Алдағы уақытта журналистер сауалына жауап бермейтін мемлекеттік қызметшілер жауапкершілікке тартылады. «Енді журналистің сауалына міндетті түрде жауап беріледі. Жауап беру мерзімі қысқарады. Қазір 7 күн болса, енді ол 3-5 күн болып қысқарады. Сонымен қатар, жауап бермейтін мемлекеттік қызметшілер жауапкершілікке тартылады. Мұның аясында журналистердің әлеуметтік жағдайын жақсарту жоспарланып отырғанын атап өтті. Д.Қыдырәлінің айтуынша: «Қазір заң жобасы қаралып жатыр. Онда журналистердің жеңілдікпен пәтер алуы, ауруханаларда жеңілдіктер пайдалануы туралы нормалар бар. Ең қарапайымы – «Pressa» деген жазуы бар көлікті кез келген жерге қою немесе мекемелерге кіру сияқты көптеген жеңілдіктерді қарастырып отырмыз».

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгінов журналистердің сауалдарынан қашып, дөрекі сөйлейтін шенеуніктер жайлы: «Журналистер тарапынан түсетін сауалдарға дереу жауап беру деген бар. Әсіресе, қоғамды мазалайтын сұрақтар болып тұрған кезде, алғы шепте жалған ақпарат емес, шынайы мемлекеттік көзқарас халыққа дер

кезінде жеткізілуі тиіс. Ал этикаға келетін болсақ, ол бәрінде болуы керек. Оның ішінде, журналистердің де этикасы болуы тиіс. Қазіргі ақпараттық кеңістікке байланысты біз мемлекеттік қызметшілерді көбірек оқытуымыз керек шығар. Себебі олардың барлығы БАҚ-қа күнделікті сұхбат бере бермейді», – деп пікірін білдірді.

Енді, бұған қалай қол жеткізуге болады? Бірінші кезекте, журналистика факультеттері осыған ден қою керек. 4 жыл бойы журналистика тарихын оқытып, «Дала уалаяты» мен «Түркістан уалаятынан» бері қарай шежіре тарқатып отырмай, 2-курсан соң шәкірттердің қызығушылығына, икеміне қарай бейімдеп, өзге факультеттермен тығыз байланыста білім берсе. Мәселен, заңға қызығушылығы бар студент заң факультетінде, тарихқа бейімдер тарих факультетінің, экономикадан хабары барлар тиісті факультеттің дегендей лекцияларын тыңдауға мүмкіндік алса. Бұл, әрине, сіз бен біз шешетін емес, билік өкілдерінің құзырындағы мәселе. Бәлкім, ұсыныс көңілге қонса құлаққа да ілінер» деді ол.

Табақтай дипломы болғанымен мақала жаза алмайтын журналистер көп

«Turkistan Media Holding» жшс атқарушы директоры Тельман Бейсен өз кезегінде: «Еліміздегі журналистерді даярлайтын оқу ордаларында білім беру сапасына жоғары деңгейде көңіл бөлінсе дейміз. Қолында табақтай дипломы бар, бірақ сараптама тұрмақ, дені дұрыс мақала жаза алмайтын журналистика факультетінің түлектері бар. Шыны керек, бұрын журналистикаға түсуге мақала жазуға машықтанып үлгерген көптеген талапкерлер келуші еді, қазір керісінше. Атап айтсақ, «қалай болғанда да диплом алсам болды» дейтін талапкерлер қатары көбейіп барады. Ертеңгі күні диплом алған түлек мақала жаза алмаған соң олар редакцияларға керек болмайды. Содан соң түлек басқа салаға мойын бұрады немесе әлеуметтік желі қолданушыларының қатарын көбейтеді, иә, болмаса блогер болып кетеді. ЖОО-ға оқытушылыққа журналистика саласында тәжірибелі мамандарды тартса дұрыс болар еді. Сонымен қатар, студенттерге 3-курсан соң дуальді оқытуға мән берілсе. Сонда студент оқу қабырғасында жүріп салаға ортерек бейімделе бастар еді. Оқу ордасы журналистикаға кез келген көлденең көк атты (диплом үшін түсушілер) түспес үшін ақылы оқуға қабылдауды да шектесе тіптен керемет. Оқуға қабылдау талабын күшейту керек.

Сосын журналистік ұжымдардың (редакциялар) көбінде медиаменеджмент саласы кемшін түсіп жатыр. Сондықтан, редакция басқаратын басшылар (директорлар) сауатты болу үшін заңнамалық және қаржылық сауатын ашатын оқу мекемелерін көбейтсе. Міне осылар жаңа ережелерде қамтылса» – деген ойын жеткізді.

Жиын барысында түйткілді мәселелерді шешу жолдары жан-жақты талқыланды.

Форумда медиа әлемінің кәсіби журналистері және медиа менеджменттері:

- Жаңа жағдайдағы баспа БАҚ
- Баспа ісі – шындықтың күші
- Журналистиканың трансформациясы
- Медиа менеджмент: сұраныс пен ұсыныс
- Дәстүрлі және жаңа медиа тақырыптар бойынша пікір алмасты.

Ш. РАҚЫМҚЫЗЫ, «Заң газеті»

АЙМАҚ

ЖОЛ САПАСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Алматы облысында «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» бағдары негізінде мобильді топ жұмысын бастады. Бұл топтың құрамына әкімшілік полиция басқармасының және көлік жөніндегі сараптамалық кеңестің өкілдері кірген.

Мобильді жұмыс тобы Алматы облысының Қарасай және Іле аудандарын аралап шықты. Бұл аудандар жаяу жүргіншілердің қатысуымен болған жол апаттарының статистикасы негізінде, сондай-ақ, аталған аумақта

жол ережелерін бұзу туралы деректердің көп болуына байланысты таңдап алынды. Сонымен қатар, Алматы облысының прокуратурасы мен Алматы көлік прокуратурасы көліктік бақылау инспекциясымен, облыстық

полиция департаментімен бірлесіп «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» жобасын іске асыру аясында өткен демалыс күндері «Алматы-Өскемен» тас жолында артық жүгі бар жүк көліктерін анықтау бойынша бірлескен рейд жүргізді.

Рейд барысында 30-40% артық жүктемесі бар үш автокөлік анықталған. Кінәлі заңды тұлғалар 571-баптың 6-бөлігі (ауыр салмақты автокөлік құралдарының салмақ параметрлерінен асып кетуі, оның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалана отырып, сол сияқты арнайы рұқсатсыз тіркелуі), 571-1-баптың 1-бөлігі (тасымалдаушының тауар-көлік жүкқұжатын ұсынбауы), 571-баптың 9-бөлігі (жүк жөнел-

тушінің автокөлік құралын тиеу процесінде Қазақстан заңнамасында белгіленген рұқсат етілген салмақ параметрлерін бір тоннадан және габариттік параметрлерден асыруы) бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылып, оларға миллион теңгеден астам сомаға айыппұл салынды. «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» жобасына кез келген азамат ат салыса алады. Ол үшін жол белгілерінің, жарықтандырудың, бағдаршамдардың болмауы, қарды уақытылы жинамау, сапасыз құрылыс, автожолдарға қызмет көрсету және жөндеу, малдың жолға шығып кетуі туралы фото және бейне материалдарды телеграм арнаға жіберу қажет (+7-777-012-35-91).

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

КӨКЖИЕК

БІЛІМГЕ БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ ҚОМАҚТЫ



«Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» – деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы білімсіз күніміз қараң болатынын келешек ұрпаққа ұғындырғысы келгендей. Расында да, бой салыстыратын емес ой салыстыратын заманда қоғамның басты назары білімде болуы шарт. Хан Абылайдың «Найзаменен күш сынасар уақытта намысты қолдан бермедік, біліммен жарысар уақытта қапыда қалып жүрмедік» деген алаңдаушылығы бүгінгі басты мәселесі. Білім беру ісі ілгерілеген елде ғана даму-дың даңғылы түзу болары сөзсіз. Білімсіз күніміз қалай болады? Білімді ұрпақ тәрбиелеуде қандай жұмыстар жасай алдық? Қазіргі білім саласының оң өзгерістері қандай?

Қызылорда облысының жалпы бюджетінің 50 пайызға жуығын білім саласына бөлінген қаражат құрайды. 2022 жылы Қызылорда облыстық білім басқармасына облыс қазынасынан 208 млрд теңге қаржы қаралған. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 17 пайызға артық. Ақшаға шаққанда ол көрсеткіш – 173 674,7 млн теңгені құрайды. Өсу динамикасы үстіміздегі жылда да байқалады. Биыл салаға 260 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Қаралған қаражат білім алушыларға сапалы білім беру мен оларға қауіпсіз, жайлы орта қалыптастыру бағытында жұмсалмақ.

Атап айтқанда, өңірде былтыр білім беру ұйымдарының құрылысы қарқынды жүргізілді. 6 жаңа мектеп, 19 балабақша, 1 оқушылар үйі қолданысқа берілді. Сонымен қатар, 6 мектепке күрделі жөндеу жүргізу үшін облыстық бюджеттен – 2,1 млрд теңге қаржы көзі қаралған. 2023 жылы 5 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Оның ішінде Жаңақорған ауданындағы 300 орындық, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі 250 орындық, Шиелі ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық, Қызылорда қаласы Бәйтерек мөлтек ауданындағы 600 орындық мектептер бар.

Мектептерді заманауи құрал-жабдықтармен қамту мәселесі де назардан тыс қалмақ емес. Бүгінгі уақыттың басты талабы мектептерді заманауиландыру бойынша 2023 жылы жоспарға сәйкес ауылдық елді мекендегі 47 мектеп жаңғыртудан өткізіліп, 51 мектепке пәндік кабинеттер алынатын болады. Сонымен қатар, оқуға құштар орта қалыптастыру мақсатында 120 млн теңгеге 70 аталым бойынша 45 мыңға жуық көркем әдебиет алу жоспарлануда.

Бала қауіпсіздігі басты орында

Бала өмірімен, білім беру ісіндегі қауіпсіздік білім басқармасының басты талабы екендігі де белгілі. Бұл туралы Қызылорда облыстық білім басқармасының орынбасары Бағдат Қамбозұлы журналистерге берген сұхбатында айтты. Ол өз сөзінде, «Бүгінгі күні облыстағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылаумен 100% қамтамасыз етілген. Құрылғылардың санын толықтыру және жөндеуді қажет ететін бейнебақылау жүйесіне былтыр 35

мектепке 250 млн теңге бөлінсе, биыл 35 мектеп, 28 балабақшаға бейнебақылау орнатуға 453,6 млн теңге қаралды. Және жергілікті бюджеттен 170 мектепке дабыл түймесін орнатуға 97,1 млн теңге бөлініп отыр. Осылайша, 100% қамтамасыз етілетін болады. Апатты мектептерді жою – білім саласындағы басым бағыттардың бірі. Былтыр апатты деп танылған 6 мектептің үшеуінің мәселесі шешімін тапты, ал қалған 3 мектеп «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынатын болады», – деді.

Соңғы жылдары Қызылорда облысында жеке кәсіпкерлер қаражатына салынған мектептер үлесі артуда. Қазіргі таңда 22 жеке мектеп білім беру ісінде нәтижелі жұмыс істеуде. Алдағы үш жылда тағы да 12 жеке мектеп инвесторлар есебінен салынып, халық қолданысына беріледі деп жоспарлануда. Осылайша жыл сайынғы туу көрсеткішіне қатысты туындайтын мектептердегі орын санының жетіспеушілігі мәселелерінің оң шешімін табуына жеке мектептердің ашылуы өз септігін тигізбек. Сонымен қатар, облыс бюджетінен қаладағы Абай мектебіне – 550, Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейіне 375 орынға лайықталған қосымша құрылыс жұмыстары басталды. Жоспарға сәйкес нысандар 2023 жылы оқушылар игілігіне берілетін болады. Мектептердің көптеп салынуы, орындар санының толықтырылуы қордаланған үш ауысымға ауысу мәселелерін де оңтайлы шешуге септігін тигізетіні анық. Сондай-ақ, үстіміздегі жылы облыс орталығындағы бала саны көп №3 лицейге 375 орындық, №264 мектепке 550 орындық қосымша ғимарат құрылысын бастау жоспарлануда. ҚР Президентінің пәрменімен 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында осы жылы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны белгілі. Атаулы бастама аясында Сыр елінде де біршама бастамалар қолға алынбақ. Алдағы 3 жылда облысымызда 15100 орынға арналған заманауи 21 мектеп салынады деп жоспарлануда. Нақтырақ айтар болсақ жоба нәтижесінде Қызылорда қаласында – 8, Арал ауданында – 4, Қазалы ауданында – 4, Қармақшы ауданында – 2, Жалағаш ауданында – 2, Сырдария ауданында – 1, Шиелі ауданында – 1, Жаңақорған ауданында – 2 мектеп құрылысы басталады.

2023 жыл 10 мектеп құрылысының қазығы қағылып, кірпіші қаланатын болады. Жобаның жалпы құны – 100 млрд теңге. «Бұған қосымша, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры есебінен типтік мектептер, интернаттар және қосымша білім беру ұйымдарының құрылысын салуға салалық министрлікке ұсыныс берілді. Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың облысқа іс-сапары барысында қаланың сол жағалауында дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика интернатын салуға ұсыныс берілді. Сметалық құжаттары дайын. Құрылысын салу жоспарланып отыр. Түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау – басты назарда. Өткен жылы жергілікті бюджеттен жалпыға міндетті оқу қорына – 3,8 млрд теңге бөлінді. Оның 1,2 млрд теңгесі бір реттік қаржылай көмек көрсетуге жұмсалды, яғни 34 743 балаға 37389 теңгеден берілсе, 2,5 млрд ыстық тамаққа қаралды. Қалған қаржы балалардың сауықтыру-тынығу бағытындағы шараларға жұмсалды» – деді Бағдат Қамбозұлы. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2023 жылдан бастап 1-4 сынып аралығындағы балаларды ыстық тамақпен қамту бойынша жергілікті бюджеттен 5,6 млрд теңге бөлінген. Президент тапсырмасына сәйкес, жастарды кәсіптік біліммен қамту көрсеткіші жыл сайын артып келеді. Былтыр республикалық бюджеттен – 1600, облыстық бюджеттен 3 108 мемлекеттік тапсырыс бөлінсе, биыл бұл бағытта 4668 грант бөлініп отыр. 2025 жылы мемлекеттік тапсырыс саны – 600 орынға, яғни 28 пайызға артатын болады. Бұл да бір Сыр білімінің дамуындағы көрсеткіш.

Ұстаздар үздіктері қатарында

Мұғалім мәртебесін көтеру де күн тәртібінен түскен емес. Өздеріңіз білетіндей 2020 жылдан бастап ұстаздар жалақысы артып келеді. Биыл тағы 25 пайызға көбейеді. Бұл бағытта өткен жылы 52,4 млрд бөлінсе, биыл 83,7 млрд теңге тағы қаралды. Атаулы бастамалар аясында облыстағы халық санының айтулы үлесін қамтитын мамандардың әлеуметтік жағдайы жақсаратын болады. Жасалған жағдайға сәйкес Сыр педагогтарының жетістігі де көңіл қуантады. Былтыр «Үздік педагог – 2022» республикалық байқауына қатысқан сырбойылық 4 ұстаз тарихта алғаш рет үздіктер қатарына көрінді. Ал облыстық байқауда жеңімпаз атанған алты ұстазға 918 мың теңгенің сертификаты табысталды. Сонымен қатар, жыл көлемінде білім сайыстарында жеңімпаз болған 81 педагог пен 200-ден астам оқушыға сый-сыяпаттар табысты. Түрлі деңгейдегі республикалық білім бәсекелерінде 14 мұғалім жүлдегерлер қатарынан көрінді. «Мектепке дейінгі үздік ұйым – 2022» республикалық байқауында қызылордалық «Бегім айна» бөбекжай бақшасы жүлделі I орынды иеленді. Өткен жылдың тағы бір жетістігі – ҰБТ нәтижесі бойынша 8 мектеп республикадағы «Топ 100 мектеп» қатарына енді. Басқарма тарапынан ізденіске құмар, балаларға озық білім беретін ұстаздар биыл да өз деңгейінде қолдау табатын болады. Білім алушылардың да түрлі бәйгелерде асығы алшысын түсіп, топ жарды. Өткен жылы сырбойылық 7 студент «ТОП 100 студенті» республикалық байқауында үздіктер қатарынан көрінді. «Уорлдскиллс» ұлттық чемпионатында колледж студенттері 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль олжалап, жеңісті жолды жалғады.

Қызылорда қаласының басты жаңалықтары ретінде – облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен салынатын заманауи үлгідегі «Оқушылар Сарайын» айта аламыз. Атаулы орталық «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы қаржыландыруымен 2023 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтеретін болады. Бұған қосымша мерейлі жылы облыста 80 спорттық-ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді.

Ш.ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Егер күйзеліс қажытып, мазасыз күй дегбіріңізді қашырса, өмірден түңіліп жүрсеңіз, 3580 нөміріне жедел хабарласыңыз. Елімізде психологиялық көмекке мұқтаж тұрғындар үшін сапалы ақпараттық қызмет көрсететін 3580 call-орталығы іске қосылды. Бұл жоба «ҚР психикалық денсаулықты сақтаудың бірыңғай ақпараттық қызметін пилоттау» деп аталады. Былтыр 23 желтоқсанда Алматы, Тараз және Семей қалаларында call-орталықтары жұмысын бастады.

3580 CALL-ОРТАЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматы қаласы, Жамбыл және Абай облыстарының психикалық денсаулық орталықтары мен осы үш өңірдің Жастар медициналық орталықтарының қызметтері бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіріліп, халыққа психикалық денсаулық саласы бойынша ақпараттық қызмет көрсетіп жатыр.

– Осы жобада психологиялық көмек көрсететін 25 маман Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында «қашықтан психологиялық кеңес берудің теориялық және практикалық негіздері» бойынша білім алып, кәсіби білімін жетілдіретін тренингтерде шыңдалды. Бұған қоса, сұрақ-жауап бойынша мамандарға арналған білім базасы әзірленді. Жоба Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы, Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы елдік кеңесінің техникалық қолдауымен дүниеге келді. Әрбір ұйым ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросымен компьютерлік техниканы өтеусіз туралы келісімге қол қойды. Жұмыс орындарын құрал-жабдықпен жабдықтау мәселесі шешілді. Бұл тұрғындардың психикалық денсаулық бойынша ақпаратты жедел және сапалы мағлұматпен қамтамасыз ету мақсатында ашылған бірыңғай орталық. Әрбір қоңырау шалған адам жайлы мәлімет құпия сақталады. Сондықтан қиналғанда 3580 нөміріне хабарласып психологиялық көмекке жүгініңіздер, – дейді Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Қуаныш Алтынбеков.

Жобаның мақсаты жұртшылықтың психикалық денсаулық сақтау саласы бойынша қызметке қолжетімділігін арттырып, халықты ақпараттандыру. Әрі Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының сайтында қашықтан психологиялық көмек көрсету тетіктері әзірленіп жатыр. Сонымен қатар, пилоттық жоба аяқталғаннан кейін оған талдау жасау арқылы қызметін дамытып, осы жылы еліміздің барлық өңірінде бірыңғай ақпараттық қызметін ашу жоспарланып отыр.

Ж. БЕГАЛЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАРШЫСЫ

Үкіметтің 2023 жылғы 11 қаңтардағы №13 қаулысына сәйкес, қазақстандықтар елімізге 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген автокөліктерді eGov.kz порталының «Автокөлікті заңдастыру үшін тексеру» атты жаңа сервис арқылы заңдастыра алады. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Қоғамдық кеңесі тараптан ақпаратқа қарағанда, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның командасы оны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі және ҚР ІІМ-мен бірлесіп жүзеге асырады. Сервис электрондық үкімет порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында 23 қаңтардан 1 шілдеге дейін қолжетімді болады. Оны электрондық үкімет порталының басты бетіндегі «Сервистер» бөлімінен және «Көлік және коммуникациялар» – «Автомобиль көлігі» бөлімінен, ал eGov Mobile мобильді қосымшасында «Жүргізу және көлік» бөлімінен табуға болады. Қызмет тек электрондық өтініш беруге арналған. Онда В (жеңіл автомобильдер) және D1 (микрованналар) санатындағы көлік құралдарының мынадай талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылады: көлік құралын 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелу; көлік құралына қылмыстық белгілердің болмауы; кедендік тазартудың болуы.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коляш-

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

САРАП

Өзін демократиялық қоғам санайтын әр мемлекеттің басты міндеті – заң үстемдігін орнату, ел азаматтары құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету. Азаматтық қоғамды қалыптастыруды басты бағыт етіп ұстанған Қазақстанда соңғы жылдары құқық жүйесін жақсарту мақсатында бірқатар реформалар қолға алынды. Соның бірі ретінде Конституциялық Соттың қайта құрылуы. Былтырғы 16 наурыздағы жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Конституциялық Сот құруды ұсынған еді. Осылайша, бұл мәселе жан-жақты зерттеліп, 1 қаңтардан аталған сот өз жұмысын бастады.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ



Қазіргі таңда әлемнің 70-тен астам елінде Конституциялық Сот бар.

Елімізде былтырғы 5 маусымда өткен жалпыхалықтық референдумда Конституцияға өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Конституциялық Соттың құрылуы да сол кездегі түзетулердің бір бөлігі болды. Кейін өткен жылдың 5 қарашасында Мемлекет басшысы Конституциялық Сот туралы заңға қол қойды.

Аталған заң жобасы 3 бөлімнен, 10 тараудан және 67 баптан тұрады. Оны мазмұны бойынша екі бөлімге бөлуге болады. Біріншісі – Конституциялық Соттың және оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктермен қамтамасыз етілуі. Ал екінші бөлім конституциялық іс жүргізу тәртібіне арналып отыр.

Конституциялық Сот – еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган. Ол биліктің сот тармағына жатпайды, өйткені бұл мәселе Конституцияда түпкілікті шешілген. Заңда Конституциялық Сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібіне байланысты мәселелер егжей-тегжейлі көрсетілген. Сонымен қоса олардың тәуелсіздігі мен кепілдіктері де бекітілген. Конституциялық Соттың құрамына тоқталсақ, оның төрағасы мен орынбасарын қоса алғанда, 11 судьядан тұрады. Конституциялық Соттың төрағасын ҚР Президенті ҚР Парламенті Сенатының келісімімен тағайындайды. Ал Конституциялық Сот төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан Мемлекет басшысы тағайындайды. Конституциялық Соттың төрт судьясын ҚР Президенті тағайындайды, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын ҚР Парламенті палаталары төрағаларының ұсынуымен ҚР Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Жалпы, Конституциялық Соттың құзыретіне сайлауды өткізудің дұрыстығы мен Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттардың республика Конституциясына сәйкестігін қарау, сондай-ақ, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру құзыреті кіреді. Сонымен бірге Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайтын болады. Сондай-ақ, Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге берілген.

«ҚР Конституциялық Соты туралы» заңда көрсетілгендей, біріншіден, азаматтар нақты құқықтық нормативтік актілер бойынша сот органдарына бұған дейін жүгінген болуы тиіс, яғни апелляциялық деңгейге жеткен, сот шешімі шығарылған болуы керек. Егер қарауға келген іс бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы болып, алайда олардың басқа сот органдарына жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда азаматтар Конституциялық Сотқа тікелей жүгіне алады. Талап етілетін құжаттар «ҚР Конституциялық Соты туралы» заңда жазылған.

Сонымен бірге азаматтар құқықтық-нормативтік актілердің ішінде нақты келіспейтін бөлігін көрсетіп, өздерінің оған қатысты пайымын беріп, оның Конституцияның қандай баптарына қарама-қайшы екенін көрсетуі тиіс.

Конституциялық Сотқа жүгінген азаматтың шағымы түскен күннен бастап 3 ай ішінде қаралатын болады. Алдымен сот аппараты азаматтың құжаттары мен оның келіспеген шешімін тексеріп, тіркеуге алады. Шағым түскен соң, әрі қарай Конституциялық Соттың аппараты тиісті тексеріс жүргізеді. Шағым тіркелген жағдайда істі алдын ала қарау белгіленетін болады.

Елімізде Конституциялық Сот жұмысының қайта жандануы, оған азаматтардың тікелей шағымдана алуы сот жүйесін, азаматтық қоғам мен құқық саласын дамытуға айтарлықтай серпін береді. Өйткені, өркениетті, демократиялық бағытты ұстанатын әлем елдерінде де осындай Конституциялық Сот жұмыс істеп тұр. Сондықтан да Әділетті Қазақстанда әділдік орнап, ел азаматтарының құқығы заң жүзінде қорғалуы одан әрі күшейетініне кәміл сенемін.

Ә.ҚАРЕКЕНОВ,
Қаратөбе аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС - АЗАМАТТАРҒА КӨМЕК

Ақмола облысының Әділет департаменті халыққа құқықтық көмек көрсетуге қатысты түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жүргізеді. Департамент бұл іс-шараларды адвокаттардың, нотариустардың, заң кеңесшілерінің және жеке сот орындаушыларының қатысуымен өткізеді.

Конституцияның 13-бабында әрбір азаматтың қорғалу құқығына кепілдік берілген. Бұл нені білдіреді? Азаматтың адвокаттың, нотариустың немесе құқықтық қорғаудың басқа объектісінің қызметтерін ақылы негізде пайдалану мүмкіндігі болмайтын кезеңдер болады. Мұндай жағдайларда мемлекет оған кепілдендірілген заң көмегін тегін, яғни мемлекет есебінен береді.

Бұл көмекті ақысыз негізде кім алады, оны алу үшін қайда бару керек?

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі Қазақстан заңнамасына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестер барысында ұсынылады. Ол оны алуға құқығы бар жеке тұлғаларға көрсетілуі мүмкін. Орталық атқарушы орган мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган болып есептеледі. Біздің облыс аумағында Ақмола облы-

сының Әділет департаменті уәкілетті мемлекеттік орган.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі құқықтық ақпараттандыру және құқықтық кеңес беру, соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін орындау бойынша мәжбүрлеу шараларын қабылдау түрінде көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғалар мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпараттандыру түрінде тегін алу құқығына ие.

Соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғаларға құқықтық консультация беру, олардың мүдделерін қорғау және білдіру мынадай санаттағы адамдарға көрсетілуі мүмкін:

- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаға;
- ҚР Азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес талап қоюшыға;
- ҚР Қылмыстық іс жүргізу заңнама-

сына сәйкес күдіктілер, айыпталушылар, сотталушылар, сотталғандар, ақталғандар, жәбірленушілер болып табылатын адамдарға;

Адвокат, егер қажет болса, жазбаша түрде құқықтық сипаттағы құжат жасай алады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, сондай-ақ, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары көрсетеді.

Егер өтініш беруші оны алуға құқығы бар адамдар санатына жатпаған және өтініш берушінің өтініші құқықтық сипатта болмаған жағдайларда, құқықтық кеңес беру, қорғау және өкілдік ету түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тартады.

2020 жылдан бастап елімізде жүргізіліп жатқан цифрландыру саясатын ескере отырып, мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесіне «Е-Заң көмегі» ақпараттық жүйесі енгізілді. Осы жүйенің артықшылығы адвокаттық қызметті және заң кеңесінің қызметін автоматтандыруды көздейтін заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру жөніндегі «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңының ережелерін іске асыру.

Ә.ЕРЖАНОВ,
Ақмола облысы Әділет департаментінің Құқықтық түсіндіру және халыққа заң көмегін көрсету бөлімінің басшысы

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОРЛАРҒА СЕНІМ КҮШЕЙДІ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі.

Медиация азаматтық, еңбекке қатысты, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастарға байланысты, сондай-ақ, ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған дауларда қолданылады. Азаматтар, сондай-ақ, заңды тұлғалар медиацияға белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүйелеріне түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетіп, соның арқасында анағұрлым ірі істердің шешілуіне мүмкіндік береді. Халықаралық статистикаға сәйкес, барлық даулардың 30-40 пайызы медиация рәсімінен өтеді, олардың 85 пайызында оң нәтижелерге қол жеткізілген. «Медиация туралы» заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енді. Бұл заң ҚР медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды.

Медиация жолымен істерді сотқа жеткізбей шешіп отырған өркениетті елдер баршылық. Өздерінің құқықтық мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланатын бұл елдерде жазасын өтеп жатқандардың саны да әлдеқайда аз. Өйткені, дамыған елдер қаржы үнемдеудің әдістерін жақсы меңгерген. Бұл ретте «Медиация туралы» заңның көмегі болып жатқаны анық. Әрине, жаңа заң біз ойлағандай бірден кең қолданылып кете қойған жоқ. Солай болса да қазір медиаторлардың істерінде



алға басушылық байқалады. Аз да болса қарапайым азаматтар да соттың көмегімен немесе түсіндіруімен медиаторлар туралы біліп, оларды іздейтін, көмегіне жүгінетін болған. Ең бастысы, жаңа бастамаға халықтың сенімі аз да болса оянып келеді.

Айта кетерлік жай, соттың шешімі тараптардың бірін риза еткенімен, екінші жақтың наразылығын тудыратындығын жиі көріп жүрміз. Бұл жағдайдың сот шешімдеріне, судья қызметіне көңілі толмайтындардың қатарын көбейтіп, арызданушыларды арттыратынын да жасыруға болмайды. Ал, медиацияның артықшылығы тараптардың бірігіп шешім қабылдауымен құнды. Дауласушы екі жақ оған ерікті түрде қатысып, бұл мәселелердің уақыты мен өтетін орнын өздері шешеді.

Ә. ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ТӨНГЕН ҚАТЕР

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын нақтылап, бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналған. 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды.

Бұл заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу. Бұл заңның ерекшелігі сол, билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келеңсіз

әрекеттеріне тосқауыл қою. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Жалпы, біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерін жою мақсатында заңнамалық актілер қабылданды. Рұқсаттар мен мемлекеттік қызметтердің алынуды жеңілдету үшін электронды үкімет пен электронды сандық қолтаңба «бір терезе» қағидаты енгізілді. 2014 жылғы тамызда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Оның негізгі міндеті мемлекеттік қызмет саласындағы басшылықты, мемлекеттік қызмет көрсету санасын бақылау, сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу. Сонымен қатар, Мемлекет басшысымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеу тәсілдерін, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгерту тапсырылды.

Жемқорлық әлеуметтік экономикалық қауым, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттік саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытында кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жандандырылып, өз жалғасын табады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстауға жол бермейді.

Мемлекетпен қоғамның арасындағы байланыс қана сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға мүмкіндік береді.

С.МУХАНОВ,
Мұғалжар аудандық сотының аға сот приставы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

